

## «Сәттілік дәңгелегі» акциясына қатысу ережелері туралы

### ЖАРИЯ ОФЕРТА

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін «Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 210340031727) (бұдан әрі — «Ұйымдастырушы») [superwheel.bi.group](http://superwheel.bi.group) интернет-парақшасында (бұдан әрі — «Сайт») орналастырылған функционал арқылы жүзеге асырылатын «Сәттілік дәңгелегі» маркетингтік акциясын (бұдан әрі — «Акция») өткізу тәртібі мен талаптарын және оған жеке тұлғалардың қатысу ережелерін айқындайтын жария офертаны (бұдан әрі — «Оферта») жариялайды.

Осы Оферта Ұйымдастырушының белгіленбеген тұлғалар тобына арналған ресми ұсынысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес акцепт жасалған сәттен бастап заңды күшіне ие болады.

Жеке тұлғаның Акцияға қатысу үшін жасалатын іс-әрекеттері, соның ішінде Сайтқа өтуі, авторланудан өтуі және «Сәттілік дәңгелегі» механикасын іске қосуы акцепт болып танылады. Акцепт тұлғаның осы Оферта талаптарымен толық әрі сөзсіз келісетінін білдіреді.

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізіледі.

1.2. Ұйымдастырушы Акция өтетін кезеңді, соның ішінде басталатын және аяқталатын күндерін белгілеп, Сайтта жариялайды.

1.3. Акция өтетін мерзім аяқталғаннан кейін ол автоматты түрде тоқтатылады. Ұйымдастырушының міндеттемелері Акция аяқталғанға дейін Сайт интерфейсі арқылы Қатысушыларға нақты көрсетілген жүлделерді берумен шектеледі.

1.4. Акция лотерея, құмар ойыны, ынталандыратын ақша ұтысы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы рұқсатты не лицензияны талап ететін қызмет түрі емес.

#### 2. Қатысушыларға қойылатын талаптар мен шектеулер

2.1. 18 жасқа толған, Акцияға қатысу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында болып, Сайтта авторланудан өткен, әрекет жасауға қабілетті жеке тұлға ғана Акцияға қатысушы бола алады.

2.2. Акция функционалына қол жеткізу үшін Қатысушы авторлану кезінде дұрыс деректерді беруге міндетті. Деректердің Ұйымдастырушы талаптарына сәйкес келмеуі Акцияға қатыстырмауға негіз болады.

2.3. Акцияға қатыстырылмайтын тұлғалар:

- BI Group холдингі\* компанияларының жұмыскерлері;

- жылжымайтын мүлік агенттіктерінің жұмыскерлері;
- Ұйымдастырушы автоматтандырылған құралдарды, скрипттерді, жасанды жолмен арттыру құралдарын, құрылғының техникалық параметрлерін өзгертуді немесе шектеулерді айналып өтудің басқа да тәсілдерін пайдаланады деп шешкен тұлғалар.

2.4. Бір жеке тұлға Акция аясында бір ғана жүлде алуға құқылы. Бірнеше тіркелгі жасауға, өртүрлі деректермен тіркелуге және басқа да айналып өту тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

2.5. Ұйымдастырушы Қатысушыдан жеке басын, жасын, BIGApp қолданбасындағы тіркелгінің өзіне тиесілілігін растау және Қатысушының Акция талаптарын орындауын тексеру үшін қосымша мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы. Қажет деректерді ұсынбау жүлдені беруден бас тартуға негіз болады.

### **3. Акцияға қатысу тәртібі**

3.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушы мына әрекеттерді жүйелі түрде орындауға міндетті:

- 1) Сайтқа өту;
- 2) авторланудан өту;
- 3) осы Оферта талаптарына келісу;
- 4) «Сәттілік дөңгелегі» механикасын айналдыру.

3.2. Қатысушыға қатысу мүмкіндігі бір рет беріледі. Бұл мүмкіндік тегін беріледі, жаңартылмайды, жиналмайды және басқа уақытқа ауыстырылмайды.

3.3. Браузер жұмысының ерекшеліктеріне, cookie файлдарының жойылуына, VPN қолдануға, құрылғыны ауыстыруға немесе басқа да техникалық себептерге байланысты айналдыру функционалының қайта көрсетілуі Ұйымдастырушыны қосымша мүмкіндік беруге міндеттемейді.

3.4. Қатысу нәтижесі Ұйымдастырушы жүйесінің серверлік бөлігінде қалыптасады және айналу аяқталған кезде бекітіледі. Нәтиже түпкілікті болып табылады, қайта қаралмайды және Қатысушыға бірегей промокод түрінде көрсетіледі.

3.5. Акция механизмі ұтыстарды ықтималдық тәсілімен бөлмейді және жүлде қорын қалыптастырмайды; айналдыру нәтижесі Қатысушыға жеке берілетін цифрлық кодтан тұрады.

### **4. Жұлде және оны беру тәртібі**

4.1. Жұлде — Акция серіктесі ұсынатын және осы серіктес белгілеген талаптар бойынша берілетін промокод.

4.2. Жұлде Сайтта көрсетілген сәттен бастап берілген болып саналады. Осы сәттен бастап Ұйымдастырушының жүлдені беру міндеттемесі тиісінше орындалған болып саналады.

4.3. Промокодтың тіркелуі және сақталуы үшін Қатысушы өзі жауап береді. Қатысушының әрекеті немесе әрекетсіздігі, соның ішінде парақты жабуы, құрылғының істен шығуы, деректердің жойылуы немесе басқа да техникалық себептер салдарынан промокодқа қол жеткізу мүмкін болмай қалған жағдайда, Ұйымдастырушы промокодты қайта бермейді, қалпына келтірмейді немесе қайта шығармайды.

4.4. Промокодтың:

- серіктес белгілеген жарамдылық мерзімі, қолдану талаптары мен шектеулері болады;
- ақшаға, тауарға немесе қызметке айырбасталмайды;
- үшінші тұлғаларға берілмейді;
- серіктестің басқа жеңілдіктерімен немесе акцияларымен үйлеспейді мүмкін;
- тек серіктес белгілеген көлемде және тәртіпте қолданылады.

4.5. Промокодты пайдалану талаптары бұзылған жағдайда, жарамдылық мерзімі өтіп кеткенде немесе серіктес ережелерінде қарастырылған басқа да негіздер бойынша Серіктес промокодты қабылдаудан бас тартуға құқылы.

4.6. Акция аясында Сайтта көрсетілетін жүлделер VI Club\*\* бейілдік бағдарламасының «Менің жүлделерім» бөлімінде көрсетілмейді, сонымен қатар, қолданбада күн сайын берілетін мүмкіндіктермен біріктірілмейді және оларға әсер етпейді.

4.7. «Сәттілік дәңгелегінің» графикалық суреті тек ақпараттық мақсатта беріледі және нақты жүлделердің түсу ықтималдығын көрсетпейді.

## **5. Техникалық талаптар және жауапкершілік**

5.1. Қатысушы мыналарды өздігінен қамтамасыз етеді:

- өз құрылғысының дұрыс жұмыс істеуін;
- браузердің жұмыс істеуін;
- Интернет желісіне қол жеткізу мүмкіндігінің болуын;
- жабдық пен Сайттың үйлесімділігін.

5.2. Ұйымдастырушы мыналар үшін жауапты болмайды:

- Қатысушы құрылғыларының істен шығуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі;
- Сайттың шамадан тыс жүктелуіне, профилактикалық жұмыстардың жүргізілуіне, бұғатталуына, провайдерлердің немесе басқа үшінші тұлғалардың техникалық ақауларына байланысты Сайтқа қол жеткізудің мүмкін болмауы;
- Қатысушы немесе үшінші тұлғалар әрекеттерінің кез келген салдары.

5.3. Ұйымдастырушы Сайттың үздіксіз немесе іркіліссіз жұмыс істеуіне, әсіресе жоғары жүктеме кезінде кепілдік бермейді.

5.4. Техникалық қате, жүйелік ақау немесе алгоритмдердің дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан жүлденің дұрыс емес берілуі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушының қатысу нәтижелерін жоюға немесе түзетуге құқылы.

## **6. Ереже бұзушылықтар мен теріс пайдалануларды болдырмау**

6.1. Төмендегі жағдайлар анықталса, Ұйымдастырушы қатысуды бір жақты тәртіпте жарамсыз деп тануға, жүлде беруден бас тартуға немесе Акцияға қол жеткізуді шектеуге құқылы:

- бірнеше рет қатысуға әрекет жасау;
- автоматтандырылған құралдарды пайдалану;
- авторланудан дұрыс өтпеу;
- дұрыс емес деректерді беру;
- Оферта талаптарын бұза отырып, артықшылықтар алуға бағытталған басқа да әрекеттер.

6.2. Осындай жағдайларды қарау нәтижесі бойынша Ұйымдастырушы қабылдаған шешімдер түпкілікті болып табылады және олар бойынша шағым қабылданбайды.

## **7. Дербес деректер**

7.1. Акция өткізу мақсатында Ұйымдастырушы Қатысушылардың дербес деректерін, соның ішінде авторлану кезінде берілетін деректерді, техникалық мәліметтерді (IP-мекенжайын, cookie файлдарын, құрылғы туралы мәліметтерді), сондай-ақ жүлдені беру үшін қажет деректерді өңдейді.

7.2. Деректерді өңдеу мына мақсаттарда жүзеге асырылады:

- Қатысушыны сәйкестендіру;
- Акцияның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- жүлдені беру;
- теріс пайдалануларды болдырмау;
- талдау және статистика жүргізу.

7.3. Дербес деректер үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін:

- Акция серіктесіне — жүлдені беру міндеттемелерін орындау мақсатында ғана;
- техникалық операторларға және қолдау қызметтеріне;
- басқа тұлғаларға — заңнамада тікелей қарастырылған жағдайларда.

7.4. Сайттың жұмыс істеуінің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты қажет болған жағдайда, деректерді трансшекаралық беру жүзеге асырылуы мүмкін.

7.5. Деректерді сақтау мерзімі өңдеу мақсаттарына қол жеткізу қажеттігімен айқындалады және одан кейін деректер жойылады.

7.6. Қатысушы өз деректері, олардың түзетілуі, жойылуы туралы ақпараттың берілуін талап етуге, сондай-ақ Ұйымдастырушының электронды мекенжайына жазбаша өтініш жолдау арқылы келісімін қайтарып алуға құқылы.

## **8. Өтініштер мен кінәрат-талаптарды қарау тәртібі**

8.1. Акцияға қатысумен байланысты кінәрат-талаптарды Қатысушы Ұйымдастырушының электронды мекенжайына жолдайды. Кінәрат-талапты қарау мерзімі — 10 (он) жұмыс күні.

8.2. Серіктестің промокодты қабылдауына қатысты кінәрат-талаптарды серіктес өзінің ішкі ережелеріне сәйкес қарайды.

8.3. Ұйымдастырушының Акция бойынша жауапкершілігі шектеулі сипатқа ие және Қатысушылардың нақты ұтқан жүлделерін беруге қатысты ғана қолданылады. Ұйымдастырушы кез келген жанама шығындар, алынбай қалған пайда, деректердің жоғалуы, Акцияға қатысудың немесе жүлдені пайдаланудың мүмкін болмауы үшін жауап бермейді.

## **9. Акция талаптарын өзгерту және Офертаны бұзу**

9.1. Ұйымдастырушы Акция талаптарын, соның ішінде өткізу мерзімін, қатысу тәртібін және жүлде сипаттамаларын бір жақты тәртіпте өзгертуге немесе Акцияны мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

9.2. Өзгерістер Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

9.3. Офертаның жаңа редакциясы жарияланғаннан кейін Акцияға қатысу Қатысушының өзгертілген талаптарға келісетінін растайды.

9.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары, техникалық жүйелердің ақаулары, мемлекеттік органдардың шектеулері немесе Акцияны өткізуге кедергі келтіретін басқа да жағдайлар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы Акцияны тоқтата тұруға немесе мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы.

## **10. Қолданылатын құқық және қорытынды ережелер**

10.1. Тараптар арасындағы қарым-қатынасқа Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

10.2. Акция құмар ойын, лотерея, конкурс немесе ақшалай төлем қарастырылған басқа іс-шара емес.

10.3. Жүлде айырбасталмайды, қайтарылмайды және ақшалай берілмейді.

10.4. Промокодтың басқа сервистермен, техникалық құралдармен немесе бағдарламалық жасақтамамен үйлеспейтін Ұйымдастырушыда қосымша міндеттемелер тудырмайды.

10.5. Оферта талаптарын бұзу, техникалық айла-шарғылар жасау, автоматтандырылған құралдарды, эмуляторларды пайдалану, деректерді бұрмалау немесе Акцияда қарастырылмаған артықшылықтарды алу мақсатында жасалған басқа да әрекеттер анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушының қатысу нәтижесін жарамсыз деп танып, ұтысының күшін жоюға құқылы.

10.6. Офертаның Сайтта жариялануы оның Қатысушылардың назарына жеткізілгенін дәлелдейді.

Акцияға қатысумен, осы Оферта талаптарымен және дербес деректерді өңдеумен байланысты мәселелер бойынша Қатысушылар Ұйымдастырушыға мына байланыс деректері бойынша хабарласа алады:

**Ұйымдастырушы:**

**«Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БСН: 210340031727**

**Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Самар ауылы, Ы. Алтынсарин көшесі, 2-үй, 2-к.**

**Өтініштерді жолдауға арналған электронды пошта мекенжайы: [infosales@bi.group](mailto:infosales@bi.group)**

**Байланыс телефоны: +7 778 360 0055 (WhatsApp)**

---

*\* **BI Group холдингі** — Ұйымдастырушымен үлестес заңды тұлғалардың, сонымен қатар, ұйымдық-құқықтық нысаны мен қызмет түріне қарамастан, BI Group сауда белгісімен жұмыс істейтін кез келген заңды тұлғалардың жиынтығы.*

*\*\***BI Club** — BI Group компаниясының BIGApp мобильді қолданбасы құрамында Пайдаланушыларға бонустар, ұпайлар, жеңілдіктер, промокодтар, артықшылықтар, деңгейлік немесе мәртебелік артықшылықтар, акцияларға қатысу мүмкіндігі, сондай-ақ басқа да ынталандыру түрлері ұсынылатын құралдар, механизмдер, іс-шаралар жиынтығы ретінде жұмыс істейтін бейілдік бағдарламасы. Акцияға қатысу, бонустарды есептеу, есептен шығару және пайдалану тәртібі, сондай-ақ артықшылықтарды алу ережелері BIGApp қолданбасында жарияланған BI Club бағдарламасының жекелеген Ережелерімен реттеледі.*